


«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы

БЕКІТЕМІН

«ҮМЗ» АҚ Басқарма Төрағасы


 С.В. Бежецкий

«15» ___ 09 ___ 2021 ж.


**«ҮМЗ» АҚ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК КОДЕКСІ
(20.02.2019ж. инв.№ 14/3614 орнына)**

ӘЗІРЛЕГЕН

ӨҚЖЕКБ бастығы

 В.А. Цораев
«13» ___ 09 ___ 2021 ж.

ЕҚ жөніндегі инженер

 В.В. Седышев
«13» ___ 09 ___ 2021 ж.

1 Мақсаты

«ҮМЗ» АҚ өндірістік қауіпсіздік кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясатына» сәйкес келеді.

Кодекс «ҮМЗ» АҚ басшылығы Саясатының, «ҮМЗ» АҚ басшылығының әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және «ҮМЗ» АҚ қауіпсіздік мәдениеті, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, ядролық, радиациялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес келеді.

Кодекс «ҚАУІПСІЗДІК» корпоративтік құндылығын дамытуға және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған «Бизнес-қызметте озық тәжірибелерді қолдану» Даму Стратегиясының мақсатына қол жеткізуге, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, жеті «Vision Zero қауіпсіздіктің алтын ережелерін» енгізуге, «Нөлдік төзімділік» («Zero Tolerance») тұжырымдамасын қабылдауға бағытталған.

2 Қолданылу саласы

Осы Кодекс кәсіпорын қызметінің барлық түрлеріне қолданылады және «ҮМЗ» АҚ барлық бөлімшелерінің, қызметтерінің және қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті.

Мердігер ұйымдар үшін Кодекс талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелер олармен жасалған шарттар негізінде жүктеледі.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Кодексте СТ 20.0007 сәйкес қысқартулар, терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

«ҮМЗ» АҚ: «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы, кәсіпорын.

ЕҚЖЕҚ: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Қауіпті әрекет/оқиға; ҚӘ: жұмыскердің немесе мердігер ұйым қызметкерінің жасаған ісі қабылданған қауіпсіз жұмыс әдістемелеріне қайшы келетін және жұмыскердің, оның әріптестерінің, мердігер ұйым қызметкерінің немесе қоғам өкілінің жарақат алу, сондай-ақ қоршаған ортаға немесе кәсіпорын мүлкіне зиян келтіру қаупін білдіретін әрекет/оқиға.

Қауіпті жағдай/оқиға; ҚЖ: жұмыс орнының немесе жабдықтың жай-күйі қабылданған қауіпсіздік стандарттарына қайшы келетін және қызметкердің, оның әріптестерінің, мердігер ұйым қызметкерінің немесе қоғам өкілінің жарақат алу, сондай-ақ қоршаған ортаға немесе кәсіпорын мүлкіне зиян келтіру қаупін білдіретін жағдай/оқиға.

Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті; ҚМҚА: тексеруші мен тексерілетіннің өзара әрекеттесуіне негізделген барлық дәрежелі басшылардың персоналдың жұмыс жүргізуін жүйелі түрде тексеруді көздейтін интерактивті, құжатталған процесс. Процесс өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде жұмыскердің мінез-құлқын бақылаудан, тексерушінің жұмыскермен кері байланыс ала отырып, ынталандыратын, оқытатын сұхбатынан тұрады

Салдарсыз оқиға (Near Miss/NM); СО: Жарақатқа, ауруға немесе зақымдануға әкелмеген, бірақ ауыр зардаптарға ықтимал қауіп төндіретін әдейі ойластырылмаған, жоспарланбаған және күтпеген оқиға. Сондай-ақ, бұл іс-әрекет немесе жағдай жойылмаған болса, ол жарақатқа, қоршаған ортаға немесе кәсіпорынның мүлкіне зиян келтіруі мүмкін.

Өндірістік қауіпсіздік: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, ядролық, радиациялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы процестерді қамтитын

басқару жүйесімен қамтамасыз етілетін персоналдың, халықтың және қоршаған ортаның қорғалу жағдайы.

«Өндірістік қауіпсіздікті басқару» бағдарламалық кешені;

«ӨҚБ» БК: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғауды тексеру нәтижесінде анықталған қауіпті әрекеттерді (ҚӨ), қауіпті жағдайларды (ҚЖ), салдарсыз оқиғаларды (СО) тіркеу, жіктеу және өңдеу үшін пайдаланылатын «ҮМЗ» АҚ желілік бағдарламасы.

АЕҰ: алғашқы еңбек ұжымы.

ӨҚДҚ: өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі директордың қызметі.

ЖҚҚ: жеке қорғаныс құралдары.

LoTo; Lock out/Tag out: қауіпті энергия көздерін рұқсатсыз пайдалануды бұғаттау жүйесі.

Қауіпсіздік мәдениеті: қауіпсіздікті қамтамасыз ету қауіпсіздікке әсер ететін барлық жұмыстарды орындау кезінде жауапкершіліктің өзін-өзі тануына және өзін-өзі бақылауға әкелетін басым мақсат және ішкі қажеттілік болып табылатын барлық адамдардың біліктілік және психологиялық дайындығы.

«ҮМЗ» АҚ қауіпсіздігінің алтын ережелері: «Нөлдік жарақаттану» корпоративтік мақсатына қол жеткізуге бағытталған өндірістік қауіпсіздікті басқару және құру қағидаттары.

4 Мақсаттары мен міндеттері

Осы Кодекстің мақсаты өндірістік қауіпсіздік пен қауіпсіздік мәдениетін барлық деңгейлерде арттыру, «Vision Zero» нөлдік жарақаттанудың және «Zero Tolerance» нөлдік төзімділіктің кепілі болатын барлық талаптарды саналы түрде сақтауға қол жеткізу болып табылады.

Осы Кодексті іске асыру барысында «ҮМЗ» АҚ алдына келесі міндеттерді қояды:

- «ҮМЗ» АҚ барлық жұмыскерлерінің жеті «Vision Zero қауіпсіздіктің алтын ережелерін» сақтауы;
- «ҮМЗ» АҚ барлық жұмыскерлерінің «Zero Tolerance» нөлдік төзімділік тұжырымдамасын сақтауы;
- «ҮМЗ АҚ басшылығы тарапынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айқын және жүйелі бейілділік;
- қауіпсіздік мәдениетін тиісті деңгейде ұстап тұруға ықпал ететін жұмыс атмосферасын құру;
- қауіпсіздік мәдениетін құру және қолдау бойынша барлық деңгейдегі бейілділік;
- қауіпсіздік мәдениетін үнемі жетілдіру және дамыту.

5 Кодексті жеткізу тәсілдері мен тәртібі

Осы Кодекс «ҮМЗ» АҚ және мердігер ұйым жұмыскерлерінің назарына келесі тәсілдермен жеткізіледі:

- кіріспе нұсқаманы өткізу барысында;
- Кодекс мәтінін ақпараттық стендтерге орналастыру;
- Кодексті «ҮМЗ» АҚ ақпараттық ресурсында орналастыру.

Кодексті көрсетілген тәсілдердің бірімен немесе бір мезгілде бірнеше тәсілмен жеткізуге жол беріледі.

Мердігер ұйымдармен шарттар жасасу кезінде Кодекс оларға берілетін құжаттар тізбесіне енгізілуге тиіс. Шартта мердігер ұйым қызметкерлерін осы Кодекспен таныстыру жөніндегі міндетті талап болуы тиіс.

6 Жауапкершілік, рөлдер мен міндеттер

«ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінің (ӨТК, қызметтер, бөлімдер, топтар және т.б.) басшылары «ҮМЗ» АҚ және мердігер ұйымдардың жұмыскерлерінің осы Кодекстің талаптарымен танысуына, енгізуіне, орындауына және орындалуына бақылау жасауына жауапты болады. Басшылар Кодекс талаптарына бейілділігін жеке үлгімен көрсетуі тиіс.

Өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі директор Кодекстің өзектілігін сақтауға жауапты.

«ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері өз еңбек қызметінде осы Кодексте көрсетілген жеті «Қауіпсіздіктің алтын ережелерін» сақтауға міндетті.

Мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің осы Кодекстің сақталуына жауапкершілігі шарттық міндеттемелер негізінде регламенттеледі.

Бөлімшелердің (ӨТК, қызметтер, бөлімдер, топтар және т.б.) басшылары қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті ресурстардың болуын қамтамасыз етеді, өз қызметін ұйымдастыру кезінде Кодексті басшылыққа алады.

«ҮМЗ» АҚ басшылары мен жұмыскерлері өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтайды, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстарға бастамашылық жасайды, әлеуетті ҚЖ, ҚӘ, СО анықтайды және ол туралы хабарлайды.

7 Негізгі қағидалар

Кодекстің талаптары Қазақстан Республикасы заңнамасының, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «ҮМЗ» АҚ өндірістік қауіпсіздік және қауіпсіздік мәдениеті саласындағы нормативтік құжаттарының белгіленген талаптарына толық көлемде сәйкес келеді.

Осы Кодекстің талаптары жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын жоймайды, оларға қосымша болып табылады.

Қауіпсіздіктің тиімді мәдениетін дамыту өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды жоюға және алдын алуға мүмкіндік береді.

Жеті «Vision Zero алтын ережелерінің» әрқайсысын және «Zero Tolerance» нөлдік төзімділік тұжырымдамасын ұстану қауіпсіздік мәдениеті саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды ұйымдастырушылық жұмысты қамтиды.

«ҮМЗ» АҚ-да нөлдік жарақаттануға қол жеткізуге арналған қолданыстағы құралдар:

- СТ 14.0018 «ЕҚЖЕҚ бақылау», СТ 14.0020 «Өндірістік бақылау» және СТ НАК 5.0.4 «Өндірістік қауіпсіздікке мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру тәртібі»; ұйымның стандарттарына сәйкес ішкі бақылау;

- тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау;
- ҚМҚА өткізу;
- жұмысты бастамас бұрын және орындау кезінде энергия көздерін бұғаттау (LoTo жүйесі);

- әлеуетті ҚЖ, ҚӘ, СО анықтау;

- қауіпсіздік минутын өткізу;

- нұсқау, оқыту, біліктілікті арттыру;

- жұмыскерлермен ЕҚЖЕҚ бойынша кеңестер, жиналыстар;

- іс-шаралар жоспарлары және басқалар.

8 Қауіпсіздіктің алтын ережелері

«Қауіпсіздіктің алтын ережелері» өндірістік қауіпсіздік саласындағы озық халықаралық тәжірибе негізінде, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ-да болған жазатайым оқиғалар мен инциденттер туралы ақпаратты талдаудан, ҚЖ, ҚӘ, СО, өткізілген ҚМҚА, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Кодексінің негізінде әзірленді.

Бірінші алтын ереже: «Көшбасшы болу - бейілділікті көрсету»

«ҮМЗ» АҚ және мердігер ұйымдардың әрбір жұмыскері өзінің және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапты болады және өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне деген адалдығын жеке үлгімен көрсетуі тиіс.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі, оның ішінде жұмыстардың қауіпсіз орындалуын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау процестеріне тікелей қатысу арқылы өзінің жетекші рөлін мойындайды.

Бөлімшелердің (ӨТК, қызметтер, бөлімдер, топтар және т. б.) басшылары өндірістік қауіпсіздік саласындағы ҚЖ, ҚӘ, СО анықтауға және басқаруға бағытталған жұмыс орындарының инспекцияларында өндірістік қауіпсіздіктің барлық іс-шараларын үнемі өздері өткізіп, қатысуға, басқаларға үлгі болуға, өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне өзінің бейілділігін және жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін жақсартуға қызығушылығын көрсетуге тиіс (машинада қауіпсіздік белдіктерін тағу, ЖҚҚ толық жиынтығын кию және т.б.). Олар осы ережелерді түсінуді және оларды «ҮМЗ» АҚ барлық жұмыскерлерінің орындауын қамтамасыз етеді.

«ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінің (ӨТК, қызметтер, бөлімдер, топтар және т.б.) басшылары тек олардың көшбасшылық қасиеттері, іске деген көзқарасы және олардың іс-әрекеттері жарақаттануды нөлге дейін төмендету мақсатына қол жеткізілетін жағдайлар жасайтынын түсінуге тиіс.

КӨШБАСШЫ БОЛЫҢЫЗ. Сіздің көшбасшы ретінде өзіңізді ұстауыңыз «ҮМЗ» АҚ-да өндірістік қауіпсіздікті дамытудағы жетістіктер немесе сәтсіздіктер үшін де өте маңызды.

Осы ережені орындау үшін негізгі шешімдер (бағыттар):

- алынған міндеттемелерді орындаудың жеке үлгісі;
 - қауіпсіздіктің барлық ережелерін сақтаудың және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылудың жеке үлгісі;
 - ҚМҚА үнемі өткізу тәжірибесі.
 - өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне бейілділік туралы өтініш (бейілділік туралы өтініш);
- Бейілділік туралы өтініш «ҮМЗ» АҚ-ның нақты басшысы өзінің ресми өкілеттігі мен жауапкершілігі шеңберінде өндірістік қауіпсіздік саласындағы дербес міндеттемелерді өзіне алатын қысқаша жеке өтініш болып табылады.

Бейілділік туралы өтініштер CEO, CEO-1, CEO-2, CEO-3 деңгейлерінің барлық басшылары үшін, сондай-ақ бөлімшелердің (ӨТК, қызметтер, бөлімдер, топтар және т. б.) басшылары үшін міндетті болып табылады.

Басшының бейілділік туралы өтініші жыл сайын қайта қаралады – I тоқсан ішінде басшы өткен жылы өзіне қабылдаған міндеттемелерінің орындалуы туралы есеп береді және ағымдағы жылға міндеттемелер қабылдайды (бейілділік туралы өтініштің нысаны А қосымшасында берілген).

Екінші алтын ереже: «Қауіптерді анықтау - тәуекелдерді бақылау»

Жазатайым оқиғалардың, өндірістік авариялар мен инциденттердің алдын алу мақсатында қауіптер мен тәуекелдерді талдау, ҚЖ, ҚӘ, СО, ҚМҚА өткізу ықтимал қауіп

факторларын уақтылы және жүйелі түрде анықтауға және бағалауға, сондай-ақ оларды болдырмау үшін қажетті шараларды анықтауға және қабылдауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді бағалау, авариялық жағдайларды талдау, тиісті түрде және жүйелі негізде жүзеге асырылатын ҚЖ, ҚӘ және СО ерекше назар аударуды немесе жақсартуды қажет ететін өндірістік қауіпсіздік мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыс орнындағы қауіптер мен тәуекелдерді үнемі анықтау жүйесінде қарапайым әдісті қолдану қажет - өндірістік қауіпсіздіктің бес қадамы:

- жұмыс басталар алдында зейін деңгейін арттыру және қызметкерлердің тәуекелге бейімділігін бағалау;

- барлық қызметкерлердің қауіптер мен тәуекелдерді үнемі анықтау дағдысын қалыптастыру;

- ойлау автоматизміне әсері;

- адам үшін тәуекел деңгейін қолайлы деңгейге дейін төмендету;

- жұмыстан бас тарту, оның ішінде авариялық, авария алдындағы және жарақат алу қаупі бар жағдайларда, егер бұл қызметкердің денсаулығы мен өміріне қауіп төндірсе.

Үшінші алтын ереже: «Мақсаттарды белгілеу - бағдарламаларды әзірлеу»

Өндірістік қауіпсіздік саласында әрқашан нақты, түсінікті және орындалатын мақсат қою қажет.

Бұл ретте мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар бағдарламалық құжатпен (жол картасымен, іс-шаралар жоспарымен және т.б.) белгіленуге тиіс.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде жарақаттануды, инциденттер мен аварияларды тұрақты талдау, ҚЖ, ҚӘ, СО, өткізілген ҚМҚА, сондай-ақ өндірістік, ведомстволық, мемлекеттік қадағалауды тексеру нәтижелері негізінде әзірленеді.

Іс-шараларды іске асыру және өндірістік қауіпсіздік саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін адами және қаржылық ресурстар көзделуге тиіс.

«ҮМЗ» АҚ жұмыскерлерін қойылған мақсаттардың орындалуы туралы тұрақты негізде хабардар ету қажет.

Осы ережені орындау үшін негізгі шешімдер (бағыттар) :

- нөлдік жарақаттануға ұмтылу;

- жарақаттану мен оқиғаларды факторлық талдау;

- өндірістік қауіпсіздік саласында анықталған ауытқуларды жоюға нақты іс-әрекеттер;

- мақсаттарды, бағдарламалар мен іс-шараларды табысты іске асыру туралы хабардар болу.

Төртінші алтын ереже: «Өндірістік қауіпсіздік жүйесін үнемі жетілдіру - ұйымның жоғары деңгейіне жету»

Өндірістік қауіпсіздікті жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс тұрақты негізде жүргізілуі тиіс. Өндірістік қауіпсіздіктің жоғары ұйымдастырылған жүйесі болса, ақаулар, тоқтап қалу және өнім сапасына қатысты мәселелер азаяды. Үнемі жетілдірудің негізі ретінде өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін құру керек. Өндірістік қауіпсіздіктегі процестерді автоматтандыруға, цифрландыруға және ақпараттандыруға ерекше назар аудару керек.

«ӨҚБ» БК әзірлеу және енгізу, мердігерлік ұйымдарды басқару, ҚМҚА өткізу, оқиғаларды тергеу, өндірістік бақылау және басқа да іс-шаралар өндірістік қауіпсіздікті басқаруды толық көлемде қамтамасыз етуге тиіс.

Бесінші алтын ереже: «Жұмыс орындарында, жабдықты пайдалану және қауіпті заттармен жұмыс істеу кезінде өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету»

Қауіпсіз өндірістік үй-жайлар, жабдықтар мен жұмыс орындары апатсыз жұмыс істеудің міндетті шарттары болып табылады. Сонымен қатар, өндірістік ортаның жұмысшының денсаулығына әсері ескерілуі керек.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы іс-шаралар техникалық, ұйымдастырушылық және жеке шараларды көздейді.

Техникалық сипаттағы шаралар өте маңызды. Сондықтан үй-жайлардың, қоймалардың, жабдықтар мен жұмыс орындарының өндірістік қауіпсіздік жөніндегі «ҮМЗ» АҚ қолданыстағы нормалар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қауіпті заттармен жұмыс істеу кезінде жұмыскерлердің денсаулығына зиянды әсерді болдырмау немесе азайту өте маңызды.

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерінің бірі техникалық қайта жарақтандыру, өндірістерді автоматтандыру және жаңғырту болып табылады.

Сондай-ақ, жазатайым оқиғалардың көпшілігі шұғыл немесе жоспарлы жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде болатынын ескеру қажет, өйткені бұл жұмыстардың жүргізілуіне көбінесе объектінің құрылымдық ерекшеліктері кедергі келтіреді немесе олар қорғаныс құралдарын пайдаланбай немесе оларды ақаулы жағдайда қолдана отырып жүзеге асырылады. Бөлімшелердің (ӨТК, қызметтер және т.б.) басшылары мұндай жағдайларға жол бермеуі тиіс. Зақымдалған немесе дұрыс қолданылмаған жабдық, яғни құралдар, аспаптар, машиналар мен жүйелер қауіп төндіреді және апат қаупін тудырады.

Басшыларға олардың қарамағындағы жұмыскерлердің қажетті жабдықтармен, ЖҚК-мен қамтамасыз етілуіне кепілдік беру қажет. Нұсқаулардан басқа, тәуекелдерді бағалауды, тұрақты тексерулерді, жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және дұрыс сақтауды ұйымдастыру қажет.

Жұмысшылар жабдықты қолданар алдында, оның жұмыс күйіне көз жеткізу үшін тексеруі керек. Жұмыскерлер жабдықтың кез келген ақаулығы туралы дереу басшысына хабарлауы керек.

Жабдықты ажырату кезінде жинақталған (жасырын) энергиядан (гидравликалық жүйелер, сығылған газдар, механикалық кернеу) туындайтын қауіптерді ескеру және жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрекет ету қажет.

LoTo жүйесін енгізу шеңберінде арнайы машиналар мен қондырғыларда жұмыс істеу үшін қажетті сақтық шаралары қамтамасыз етілуі тиіс.

Қауіпті өндірістік объектілерге жабдықтарды сатып алуды өндірістік қауіпсіздіктің басымдығын ескере отырып жүзеге асыру қажет. Алыс шетелден сатып алынатын жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсаты болуға тиіс.

Осы ережені орындау үшін негізгі шешімдер (бағыттар) :

- техникалық, ұйымдастырушылық және жеке шараларды ескере отырып, кешенді қауіпсіздіктің тиімді стратегиясы;
- өндірістік қауіпсіздіктің басымдығын ескере отырып, материалдарды, жабдықтарды және т. б. сатып алу;
- жабдықты жаңғырту;
- мердігер ұйымдарды басқару;
- жоспарлы алдын алу іс-шаралары.

Алтыншы алтын ереже: «Біліктілікті арттыру - кәсіби дағдыларды дамыту»

Оқыту - қауіпсіздік мәдениетін жетілдірудің және жарақаттануды азайтудың негізі.

Техникалық құралдар мен өндірістік жабдықтар тезірек және тиімді жұмыс істейді, бірақ сонымен бірге олар күрделене түседі және жиі істен шығады. Жұмыс орындарының сипаты үнемі өзгеріп отырады. Білім барған сайын ескіреді, ал жұмысшылардың кәсіби дағдылары үнемі жаңартуды қажет етеді. Өндірістік қауіпсіздікті сақтаудың міндетті шарттары кәсіби дайындық (қайта даярлау) және үздіксіз оқыту болып табылады.

Әрбір жұмыскердің біліктілігі оның атқаратын жұмысына сәйкес келетінін қадағалау қажет.

Осы ережені орындау үшін негізгі шешімдер (бағыттар) :

- оқыту мен кәсіптік даярлыққа тұрақты инвестициялау;
- 30% теория және 70% тәжірибе принципі;
- жұмыс басталар алдында ЕҚЖҚТ бойынша тұрақты нұсқама беру;
- үздіксіз оқыту, оқу сыныптарын құру.

Жетінші алтын ереже: «Кадрларға инвестициялау - қатысу арқылы ынталандыру»

Қызметкерлерді өндірістік қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру басшының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау процесіне белсенді тартатын «ҮМЗ» АҚ бөлімшелері маңызды актив - жұмыскерлердің білімі, қабілеттері мен идеяларын барынша пайдалануға мүмкіндік алады. Тәуекелдерді бағалау немесе жұмыс нұсқауларын әзірлеу кезінде жұмысшыларды үнемі тарту қажет, содан кейін олар өндірістік қауіпсіздік ережелерін белсенді ұстанады.

Сондай-ақ, жұмыскерлердің белсенділігін арттыруға өндірістік қауіпсіздік туралы практикалық және теориялық білім алуға болатын тұрақты іс-шаралар (еңбекті қорғау күні, ақпараттық күндер, қауіпсіздік айлықтары, кәсіпорын басшысымен тікелей диалог және т.б.) ықпал етеді.

Жұмыскерлерді өндірістік қауіпсіздік ережелерін сақтағаны үшін марапаттап отыру, олардың пікірін білу, олардың күрделі және ерекше өндірістік міндеттерді қалай шешетініне қызығушылық таныту, анықталған ҚЖ, ҚӘ, СО қалай әрекет ететініне қызығушылық таныту қажет. Негізгі мақсат - әр жұмыскердің өзіне, сондай-ақ әріптестеріне қамқорлық жасауы болып табылады.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы жетістіктер уәждемесін қалыптастыру өте маңызды – ол оң және теріс болуы мүмкін, соның нәтижесінде өндірістік қауіпсіздік ережелерін бұзуға болмайтынын және оларды бұзбайтындарды әртүрлі жолдармен ынталандыруға мүмкіндік бар екенін барлығы түсінуі керек.

Осы ережені орындау үшін негізгі шешімдер (бағыттар):

- оң және теріс уәждеме;
- материалдық және материалдық ынталандыру;
- қауіпсіздіктің барлық мәселелеріне қатысу арқылы ынталандыру;
- интерактивті іс-шаралар (ЕҚЖЕҚ күндері, акциялар, қауіпсіздік айлықтары және т. б.);
- «Бір-біріне қамқорлық жасау» қағидаты.

9 «Нөлдік төзімділік» тұжырымдамасы («Zero Tolerance»)

«Zero Tolerance» тұжырымдамасы өндірістік қауіпсіздікті бұзудың негізгі 4 (төрт) санаты бойынша бұзушылықтарға жол бермеу қағидатын, сондай-ақ осы бұзушылықтар бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын енгізеді.

«Zero Tolerance» тұжырымдамасы - өндірістік қауіпсіздіктің негізгі талаптарын бұзғаны үшін кез келген қызметкерге жауапкершілік жүктеуді білдіреді.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы барлық бөлімшелердегі жауапты тұлғалардан өндірістік қауіпсіздіктің негізгі талаптарын бұзған, нұсқаулықтарды елемеуге жол берген немесе жұмысшылардың немесе кәсіпорын меншігінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мінез-құлықты көрсеткен тұлғаларға қатысты тәртіптік шараларды дереу қолдануды талап етеді.

Бұзушылықтың ауырлығына байланысты кәсіпорын басшылығы бұзушылықтардың келесі санаттарын бұзғаны үшін еңбек шартын бұзуға дейін дереу тәртіптік шараларды қолдануға құқылы:

Көшбасшылық және Басшылық:

- қауіпсіздік ережелерін өрескел бұза отырып және жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына айқын қатер төнген кезде жұмыстар жүргізуге рұқсат беретін басшы;
- наряд-рұқсат қағазы болмай, тәуекелдерді бағаламай, тәуекелдерді азайту жөніндегі жұмыстардың және тиісті іс-шаралардың қауіпсіздігін талдамай қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға рұқсат беру;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат қағазының талаптарын айналып өту және оларды сақтамау.

Жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ):

- аса қауіпті жұмыстарда (оның ішінде биіктіктегі жұмыстарда және жабық кеңістік ішіндегі жұмыстарда) арнайы ЖҚҚ пайдаланбау немесе оларды тиісінше пайдаланбау;
- жалпы ЖҚҚ киюді бірнеше рет бұзу

Темекі шегу, алкоголь және есірткі:

- есірткіні және/немесе алкогольді өткізу, сақтау, сату;
- жұмыс орнында да, уақытша тұратын жерлерде де есірткіге және/немесе алкогольге мас күйінде болу;
- жұмыс орындарында, тұрғын және әкімшілік ғимараттарда, сондай-ақ темекі шегу үшін белгіленбеген орындарда темекі шегу.

Жабдықтар мен механизмдердің механикалық тұтастығы:

- кез келген түрдегі энергиямен жұмыс істеп тұрған жабдықты (LoTo) рұқсатсыз өшіру/қорғау құлпын алып тастау;
- көрінеу ақаулы жабдықтар мен механизмдерді (оның ішінде жүк көтергіш және өзге де механизмдерді) немесе тиісті тексерусіз пайдалануға беру.

10 Қорытынды қағидалар

Кодекс үздік әлемдік тәжірибелер негізінде әзірленген және жеті «Vision Zero қауіпсіздіктің алтын ережелерін» және Нөлдік төзімділік «Zero Tolerance» тұжырымдамасын қамтиды, оларды іске асыру өндірістік қауіпсіздіктің алдын алуға, өндірістік жарақаттануды төмендетуге және қауіпсіздік мәдениетін арттыруға көмектеседі.

«ҮМЗ» АҚ осы Кодексті өндіріс қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін жетілдіру және арттыру мақсатында тиімді қолданатын болады.

«Vision Zero» немесе «Нөлдік жарақаттану» және «Zero Tolerance» немесе «Нөлдік төзімділік» – бұл өндірістің барлық деңгейлерінде жұмысшылардың әл - ауқатын қамтамасыз ету үшін өндірістік қауіпсіздік саласындағы барлық бағыттарды біріктіретін профилактиканы ұйымдастырудың сапалы жаңа тәсілі.

Өндірістік қауіпсіздік пен қауіпсіздік мәдениетін одан әрі дамыту үшін «ҮМЗ» АҚ ұстанатын негізгі бағыттар:

- қауіпсіздік - жоғары назар аудару аймағы;
- адамдар - негізгі элемент;
- қауіпсіздікке деген көзқарастың өзгеруі басшылықтан басталады;
- бірінші басшының жеке көшбасшылығы;

- қауіпсіздік өте маңызды болып табылады, сондықтан өкілеттіктер мен жауапкершілік басқа қызметкерлерге берілмейді;
- жақсы қауіпсіздік жағдайы бизнес үшін тиімді;
- қауіпсіздік ережелерін **ҮНЕМІ** сақтау қажет. Басшы да осы Ережелерді сақтауы тиіс;
- оқиғаларды басқару және жарақаттанудың алдын алу ҚЖ, ҚӘ, СО тіркеу және тұрақты талдау жолымен жүзеге асырылады;
- ҚМҚА - адами факторды нақты басқаруға мүмкіндік беретін өндірістік қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементтерінің бірі;
- корпоративтік стандарттарға оқыту және қызметкерлердің құзыреттерін арттыру;
- мердігерлік ұйымдарды қоса алғанда, қызметкерлердің барлық деңгейлерін тарту және сапалы коммуникация. Өз рөлі мен жауапкершілігін түсіну арқылы тарту.

А қосымшасы
Бейілділік туралы өтініш нысаны

Vision Zero бағдарламасы бойынша _____ жеке міндеттемелері
Т.А.Ә. _____ лауазымы

№	Міндеттеме	Мерзімі
1		Тұрақты
2		Тоқсан сайын
3		Апта сайын
4		Белгіленген мерзімде
5		Жыл сайын

_____ лауазымы

_____ күні

_____ қолы

_____ Т.А.Ә.

* Тармақтарда бекіту сөз тіркестерінен басталатын дербес міндеттемелердің тізбесі болуға тиіс (міндеттенемін, жауаптымын, кепілдік беремін және т. б.);